

**Маңғыстау ауданында орналасқан республикалық дәрежедегі "Сисем-Ата" мазарының жанына (жаңа қойылымдар орнатуға жерлеуге) тыйым салу туралы**

*Күші жойған*

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 165 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаменті Маңғыстау ауданының әділет басқармасында 2007 жылғы 10 қаңтарда № 11-5-35 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 ақпандағы № 38 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 14.02.2022 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Заңына сәйкес және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Тарихи және мәдени ескерткіштеріне қоғамдық қамқоршылықты бекіту туралы" №221 қаулысы негізінде, Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынысымен Маңғыстау ауданында орналасқан республикалық дәрежедегі "Сисем-Ата" мазарының жанынан 5 (бес) гектар жер аумағы (сызбасы) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Бекітілген 5 (бес) гектар жер аумағында азаматтарға (тұрғындарға) жаңа қойылымдар орнатуға (жерлеуге), қауіп төндіретін құрылыс және өзге де жұмыстарға тыйым салынсын.

3. Азаматтарға (тұрғындарға) жаңа қойылымдар орнату (жерлеу) үшін "Сисем-Ата" мазарының жанының солтүстік шығыс бетінен 200 (екі жүз) метр қашықтықтан арнайы 5 (бес) гектар жер телімі белгіленсін.

4. Осы қаулының 2, 3-тармақтарынан туындайтын іс-шараларды жүзеге асыру тиісті село әкімдеріне тапсырылсын.


5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Айтуаровқа міндеттелсін.

6. Осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Аудан әкімі*

*Ж.Албытов*

Аудан әкімдігінің 2006 жылғы  
25 желтоқсандағы  
№ 165 қаулысымен бекітілген  
қосымша



1